

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Сахна өнерінің Айымторысы

Ойламаған тұста тағдыр шырғалаңына тап болып, он бір жылдан бері Қарттар үйін мекен етіп келе жатқан театр өнерінің ардагері, актриса Айымторы Тайғаринованың мерейлі 85 жасқа толуына орай Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры көңіл толқытатын ерекше кеш ұйымдастырды. Айшықты образдарымен, ерекше еңбек жолымен, кәсіби келбетімен өзгешеленетін Айымторы Каспийқызын арнайы шақырып, өнердегі үзеңгілестері мен ізбасар әріптестерінің алқалауымен сахна төрін нағыз театр мерекесіне айналдырды.



Қазіргі қазақ театрының тарихына көз жүгіртетін болсақ, өмірін өнермен өрнектеп, театр әлеміне жанын берген майталман тұлғалар қатары аз емес. Солардың бірегейі, қазақ театры сахнасында 40-қа жуық қайталанбас бейне жасап, көрермен жадының бір бөлшегіне айналған талант иесі – Айымторы Тайғаринова.

Дара талант иесінің тағылымды дара жолы, шығармашылық еңбегі мен тарих беттеріндегі өшпес өнері өрнектелген кеш жиналған қауымның жанына жылылық ұялатты. Әдебиеттің классик қаламгерлері атанған Ғабит Мүсірепов, Шыңғыс Айтматов, Тахауи Ахтановтар өз уақытында сахна төрінде өткір образдарымен жарқылдаған Айымторы Тайғаринованың өнерін ардақтап, әділ бағасын берген.

Айымторы Тайғаринова 1938 жылы 16 ақпанда Ақмола облысына қарасты Шалқар кеңшарында дүниеге келген. Өнегелі өнер жолын көрші қырғыз елінен бастаған актриса, Алматыға келіп Әнуар Молдабеков, Есболған Жайсаңбаев сынды жастармен қатарласа актерлік өнерге оқуға түсуге асық болды. Актриса театр тарихынан таусылмас

сыр шертетін энциклопедия іспетті Нұрмұхан Жантөрин, Әзірбайжан Мәмбетов, Хадиша Бөкеева, Мәкен Исақызы секілді өнер майталмандарынан тәлім алып, өнердің биігіне ұмтылған жастардың бірі болды. Жүре келе өмірдің ағысымен Жұмат Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрына жұмысқа орналасып, қала халқы өнер иесін «Біздің Айымторы» деп атап кеткен деседі. Өнердегі ең табысты жылдарының барлығын осы театрмен байланыстыратын актриса: «Әр қойылым біткенде көрермен залдан кетпей, мені күтіп тұратын еді. Сахнада тұрып көз жасымды сүртіп, төбесін көргеннен ерекше әсер алатын жақын адамдарды көргенде, іштей шаттанып, қанаттанып қалатынымын...» деп еске алады.

Қазақ театры өнерінде сапалы спектакльдер санын арттыруда «Әке тағдыры» – Жеңісбек, «Абайдың өлімі» – әйел, «Горянка» – Горянка рөлінде, «Сәуле» – Гүлжан, «Менің махаббатым» – Бике, «Волчонок под шапкой» – Марфуға, қазақ кинематографиясында «Теңіз оқиғасы», «Жас Шоқан» фильмінде Шоқанның әпкесі секілді рөлдерін асқан шеберлікпен сомдап, бірегей бейнесімен театр және телекөрермендер жадында сақталған.

Айымторы Каспийқызы еңбек жолында бірнеше жыл Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөпірімдер театры мен Мемлекеттік қуыршақ театрында қызмет атқарған.

Театр сахнасында жүріп түрлі сипаттағы кейіпкерді шебер бейнелеген Айымторы актрисаның бойында өнермен шыңдалған шымыр мінездің табы әлі жатыр. Тағдырдан жеңілмеген, қайратты, жайдары қалпын жоғалтпаған. Мерейтой иесінің кешін концертпен көмкерген театрдың талантты әртістерінің тартуын ризашылықпен қабыл алған актриса өзі де сахнаға арқалана көтеріліп, жан сырымен үйлесетін отты өлең де оқыды, күміс көмейінен сұлу сазды әнді де ақтарды. Өзін құрметтеген көрерменімен кеш бойы өнер тілінде сырласты. «Театрым керемет сый-құрметіне бөлеп жатыр. Баршаңызға рахмет. Қарттар үйінде тұрып жатқанымға қарамай, көңілімді қуанышқа бөлегені төбемді көкке жеткізіп отыр. Сахнада талай рөлді ойнадым, халықтың құрмет-қошеметіне бөлендім, ерекше сыйға, жақсылыққа ие болып жүрдім. Өмірімде талай жақсы адамдар кездесті, шүкір» дейді өмірді сүйуден жалықпаған жайсаң мінезді актриса.

Актрисаның шығармашылығына арналған бенефис кешке Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Сәкен Майғазиев, Театр қайраткерлері одағының өкілі Рабиға Бибошқызы, «Шаңырақ» әлеуметтік орталығының директоры Тұрарбек Тұманшиев, Мәдениет қайраткері, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөпірімдер театрының директоры Талғат Есеналиев, «Рухани жаңғыру дауылпаздары» қайырымдылық қорының төрағасы Берікқажы Абдиев қатысып,

мерейтой иесіне ақжарма ақ тілектері мен ыстық лебіздерін арнап, арнайы сый-сияпаттарын табыстады.

«Айымторы апамыз ұзақ жылдар Қуыршақ театрында қызмет еткен екен. Тағдырлы кісі. Оның өмір тарихын естігеннен кейін театр бейтарап қарай алмайды. Көңілін көтеріп, жыл сайын туған күнінде құттықтап тұратын едік. Ал биыл мерейтойын атап өтуге шешім қабылдап, театр әртістері осы шараға бар күшін салды», деді театр басшысы Алмат Абдрахманов.

Сонымен қатар өнер иесіне Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театры, Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры, Астана қаласы әкімдігінің қуыршақ театры, Шымкент қалалық қуыршақ және жөспірімдер театры және Маңғыстау облыстық қуыршақ театры ұжымдары атынан арнайы құттықтау хаттар ұсынылды.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ